**«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы № 1**

**Өткізілген күні:** 27 қыркүйек 2024ж
**Қатысқандар:** 10

**Күн тәртібі:**
1. Бір айға арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Мектепке дейінгі ұйымның кадрлармен жасақталуы туралы.
3. Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру бойынша бақылау жоспарын бекіту.
4. Эвакуация жоспары бойынша нұсқама беру және практикалық пысықтау жүргізу.
5. Бір айдағы сырқаттанушылық жағдайын талдау.

**Тыңдалды:**
**1-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева бір айға арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарда қарастырылған негізгі іс-шаралар, педагогикалық жұмыстар, әдістемелік шаралар және олардың орындалу мерзімдері талқыланды. Әр іс-шараға жауапты қызметкерлер белгіленіп, жоспардың жүйелі орындалуы қажеттігі айтылды.
**2-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева мектепке дейінгі ұйымның кадрлармен жасақталуы туралы ақпарат берді. Қызметкерлердің штаттық құрамы, мамандардың біліктілігі, еңбек тәртібі мен лауазымдық міндеттерінің орындалуы қарастырылды. Кадрлық құжаттардың дұрыс жүргізілуіне назар аударылды.
**3-мәселе бойынша:** Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина балалардың үйлесімді тамақтануын ұйымдастыру мәселесіне тоқталды. Ас мәзірінің бекітілген талаптарға сәйкестігі, тағамның сапасы, дайындалу технологиясы, азық-түліктің сақталуы және санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы туралы баяндады. Тамақтануды бақылау жоспары ұсынылды.
**4-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттер туралы түсіндірді. Эвакуация жоспары таныстырылып, балаларды қауіпсіз жерге шығару тәртібі, жауапты қызметкерлердің міндеттері және эвакуация жолдары талқыланды. Практикалық жаттығу өткізу қажеттігі атап өтілді.
**5-мәселе бойынша:** Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина бір айдағы балалардың сырқаттанушылық жағдайына талдау жасады. Аурушаңдық көрсеткіштері, балалардың денсаулық жағдайы және аурудың алдын алу шаралары қарастырылды. Топтарда тазалық сақтау, бөлмелерді желдету, жеке гигиена талаптарын орындау және балалардың денсаулығын күнделікті бақылау қажеттігі айтылды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Бір айға арналған жұмыс жоспары бекітілсін. Жоспарланған іс-шаралардың уақытылы әрі сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.
2. Мектепке дейінгі ұйымның кадрлармен жасақталуы назарға алынсын. Қызметкерлердің еңбек тәртібі мен міндеттерінің орындалуы бақылауда ұсталсын.
3. Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру бойынша бақылау жоспары бекітілсін. Ас мәзірінің орындалуы мен тағам сапасы тұрақты қадағалансын.
4. Барлық қызметкерлерге эвакуация бойынша нұсқама беріліп, практикалық жаттығу өткізілсін. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілсін.
5. Бір айдағы сырқаттанушылық жағдайы назарға алынсын. Аурудың алдын алу және балалардың денсаулығын нығайту жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
6. Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы, топ бөлмелерінің тазалығы мен желдетілуі тұрақты бақылауға алынсын.
7. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

**Меңгеруші:** _____Ж.М Сапарбаева
**Хатшы:** _____Ж.К Шортанова

**«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №2**

**Өткізілген күні:** 30 қазан 2024ж
**Қатысқандар:** 10

**Күн тәртібі:**

1. Ата-аналармен жұмыс ұйымдастыру туралы: көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды есепке алу.
2. Баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстағаны үшін ата-ананың төлем жүргізуі (уақтылығы, дұрыстығы).
3. Сыйлық алу туралы хабарлама және оны беру, сыйлықтар алу, пара беру және парақорлыққа делдалдық жасау үшін жауапкершілік.
4. Мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңге дайындау.
5. Жиһазды таңбалауды талдау.

**Тыңдалды:**

**1-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру, көпбалалы отбасылардан шыққан балаларды есепке алу туралы баяндады. Отбасылар туралы мәліметтерді жинақтау, құжаттарды реттеу және ата-аналармен тығыз байланыс орнату қажеттігі айтылды.

**2-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева балалардың мектепке дейінгі ұйымда болғаны үшін ата-аналар төлейтін төлемнің уақытылы және дұрыс жүргізілуі туралы түсіндірді. Төлем құжаттарының дұрыстығын тексеру, берешектердің алдын алу және ата-аналарға төлем тәртібін түсіндіру мәселелері қарастырылды.

**3-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыйлықтар алу мен беру тәртібі, пара беру және парақорлыққа делдалдық жасау үшін заңнамада көзделген жауапкершілік туралы түсіндірді. Қызметкерлерге қызметтік әдеп нормаларын сақтау, заңсыз сыйақы алмау және адал қызмет ету міндеттері ескертілді.

**4-мәселе бойынша:** Әдіскер Карибаева А.С мектепке дейінгі ұйымды қысқы кезеңге дайындау жұмыстары туралы баяндады. Жылу жүйесінің жағдайы, терезелер мен есіктердің бүтіндігі, ғимараттың жылылығын сақтау, аула аумағын қардан тазалау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

**5-мәселе бойынша:** Әдіскер Карибаева А.С топтардағы жиһаздардың таңбалану жағдайына талдау жасады. Үстелдер мен орындықтардың балалардың бой ерекшеліктеріне сәйкестігі, таңбалардың болуы және жиһаздардың дұрыс орналастырылуы қарастырылды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Көпбалалы отбасылардан шыққан балалардың есебі жүргізіліп, ата-аналармен байланыс жұмыстары жүйеленсін.
2. Ата-аналардың төлемдері уақытылы және дұрыс жүргізіліп, төлем құжаттарының рәсімделуі бақылауға алынсын.
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. Қызметкерлер сыйлық алу, пара беру және паракорлыққа делдалдық жасауға қатысты заң талаптарын қатаң сақтасын.
4. Мектепке дейінгі ұйымның қысқы кезеңге дайындығы қамтамасыз етілсін. Жылу жүйесі, ғимараттың қауіпсіздігі және аумақтың тазалығы тексерілсін.
5. Топтардағы жиһаздардың таңбалануы талапқа сай реттелсін. Балалардың бой ерекшеліктеріне сәйкес жиһаздардың дұрыс орналастырылуы қамтамасыз етілсін.
6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

**Меңгеруші:** _____Ж.М Сапарбаева
**Хатшы:** _____Ж.К Шортанова

**«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №3**

**Өткізілген күні:** 28 қараша 2024ж
**Қатысқандар:** 10

**Күн тәртібі:**
1. Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы.
2. Ішкі еңбек тәртібінің ережелерін сақтау туралы.
3. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету туралы.
4. Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру туралы.

**Тыңдалды:**
**1-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау талаптарының орындалуы туралы баяндады. Қызметкерлердің қауіпсіз жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар, құрал-жабдықтардың жарамдылығы, өрт қауіпсіздігі және қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселелері қарастырылды.
**2-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева ішкі еңбек тәртібінің сақталуы туралы түсіндірді. Қызметкерлердің жұмысқа уақытылы келуі, жұмыс уақытын тиімді пайдалануы, лауазымдық міндеттерін орындауы және еңбек тәртібін бұзбауы қажеттігі ескертілді.
**3-мәселе бойынша:** Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуы туралы ақпарат берді. Топ бөлмелерінің тазалығы, желдетілуі, дезинфекциялық жұмыстардың жүргізілуі, жеке гигиена талаптары және балалардың денсаулығын бақылау мәселелері талқыланды.
**4-мәселе бойынша:** Медицина қызметкеріН.Н Шушлебина балалардың үйлесімді тамақтануын ұйымдастыру туралы баяндады. Ас мәзірінің сақталуы, тағам сапасы, азық-түліктің дұрыс сақталуы, дайын тағамның берілу тәртібі және тамақтану мәдениетін қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**
5. Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін. Қауіпсіздік ережелерінің орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.
6. Барлық қызметкерлер ішкі еңбек тәртібінің ережелерін қатаң сақтасын. Жұмысқа уақытылы келу және міндеттерді жауапкершілікпен орындау талап етілсін.

7. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуы қамтамасыз етілсін. Топ бөлмелерінің тазалығы мен санитарлық жағдайы күнделікті қадағалансын.
8. Балалардың үйлесімді тамақтануы ұйымдастырылып, ас мәзірінің орындалуы мен тағам сапасы тұрақты бақылауда ұсталсын.
9. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

**Меңгеруші:** _____Ж.М Сапарбаева
**Хатшы:** _____Ж.К Шортанова

**«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №4**

**Өткізілген күні:** 19 желтоқсан 2024ж
**Қатысқандар:** 10

**Күн тәртібі:**

1. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктер кестесін бекіту.
3. Демалыс кестесін құру.
4. Тоқсан ішіндегі сырқаттанушылықты талдау.

**Тыңдалды:**

**1-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы баяндады. Қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау, электр құралдарын дұрыс пайдалану, эвакуациялық шығу жолдарын бос ұстау және өрт сөндіру құралдарының жарамдылығын тексеру қажеттігі ескертілді.

**2-мәселе бойынша:** Әдіскер Карибаева А.СЖаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізу кестесін таныстырды. Мерекелік іс-шаралардың уақыты, топтардың қатысу реті, жауапты тәрбиешілер мен музыка жетекшісінің міндеттері талқыланды.

**3-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева қызметкерлердің демалыс кестесін құру мәселесін қарастырды. Қызметкерлердің еңбек демалысына шығу мерзімдері, жұмыс барысының үздіксіз ұйымдастырылуы және демалыс кестесін алдын ала жоспарлау қажеттігі айтылды.

**4-мәселе бойынша:** Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина тоқсан ішіндегі балалардың сырқаттанушылық жағдайына талдау жасады. Аурушаңдық көрсеткіштері, жиі кездесетін ауру түрлері және олардың алдын алу шаралары қарастырылды. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау қажеттігі атап өтілді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы қамтамасыз етілсін. Өрт сөндіру құралдары мен эвакуациялық шығу жолдары үнемі тексерілсін.
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктердің өткізілу кестесі бекітілсін. Мерекелік іс-шаралар белгіленген мерзімде ұйымдастырылсын.
3. Қызметкерлердің демалыс кестесі жасалып, бекітуге ұсынылсын.

4. Тоқсан ішіндегі сырқаттанушылық көрсеткіштері назарға алынсын. Аурудың алдын алу және балалардың денсаулығын нығайту шаралары күшейтілсін.
5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

**Меңгеруші:** _____Ж.М Сапарбаева
**Хатшы:** _____Ж.К Шортанова

**«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №5**

**Өткізілген күні:** 31 қаңтар 2025ж
**Қатысқандар:** 10

**Күн тәртібі:**
1. Мектепке дейінгі ұйымның істер номенклатурасы туралы.
2. Топтарда құжаттаманы жүргізуді талдау.
3. Балалардың 2025 жылғы денсаулық жағдайын талдау.
4. Мектепке дейінгі ұйым жұмысының 2024–2025 оқу жылының I жартыжылдығындағы қорытындылары туралы.

**Тыңдалды:**
**1-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева мектепке дейінгі ұйымның істер номенклатурасы туралы баяндады. Құжаттарды жүйелеу, тіркеу, сақтау және белгіленген мерзімде мұрағатқа өткізу тәртібі түсіндірілді. Қызметкерлерге құжаттарды талапқа сай рәсімдеу және олардың сақталуына жауапкершілікпен қарау қажеттігі ескертілді.
**2-мәселе бойынша:** Әдіскер Карибаева А.С топтарда жүргізілетін құжаттамаларға талдау жасады. Тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары, циклограммалары, балалардың даму мониторингі, қатысу журналдары және басқа да құжаттардың жүргізілу сапасы қарастырылды. Құжаттарды уақытылы толтыру, мазмұнының сәйкестігі мен сауаттылығына назар аудару қажеттігі айтылды.
**3-мәселе бойынша:** Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина балалардың 2025 жылғы денсаулық жағдайына талдау жасады. Сырқаттанушылық көрсеткіштері, жиі кездесетін ауру түрлері, балалардың денсаулығын нығайту және аурудың алдын алу жолдары қарастырылды. Сонымен қатар күн тәртібін сақтау, таза ауада серуендеу, шынықтыру шараларын жүргізу және санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау қажеттігі атап өтілді.
**4-мәселе бойынша:** Әдіскер Карибаева А.С 2024–2025 оқу жылының I жартыжылдығында атқарылған жұмыстарға қорытынды жасады. Жылдық міндеттердің орындалуы, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасы, балалардың даму көрсеткіштері, педагогтердің кәсіби жұмыстары және ата-аналармен жүргізілген іс-шаралар талданды. Жұмыстың жетістіктерімен қатар, алдағы уақытта жетілдіруді қажет ететін бағыттар да атап өтілді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**
1. Мектепке дейінгі ұйымның істер номенклатурасына сәйкес құжаттардың жүргізілуі, тіркелуі және сақталуы қамтамасыз етілсін.
2. Топтардағы құжаттамалардың жүргізілу сапасы жақсартылып, анықталған кемшіліктер уақытылы түзетілсін.

3. Тәрбиешілер құжаттарды белгіленген талаптарға сәйкес сауатты және жүйелі түрде жүргізсін.
4. Балалардың денсаулық жағдайы тұрақты бақылауға алынып, сырқаттанушылықтың алдын алу жұмыстары күшейтілсін.
5. Санитарлық-гигиеналық талаптар сақталып, балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру шаралары жүйелі ұйымдастырылсын.
6. 2024–2025 оқу жылының I жартыжылдығындағы жұмыс қорытындылары назарға алынсын.
7. II жартыжылдықта білім беру және тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру, балалардың жеке қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
8. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жандандырылсын.
9. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

**Меңгеруші:** _____Ж.М Сапарбаева
**Хатшы:** _____Ж.К Шортанова

**«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №6**

**Өткізілген күні:** 28 ақпан 2025ж
**Қатысқандар:** 10

**Күн тәртібі:**
1. Мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің жай-күйі.
2. Бір айдағы сырқаттанушылықты талдау; табиғи тамақтану нормаларының орындалуын талдау; ЖРВИ, тұмау және инфекцияның алдын алу.
3. Наурыз айында өтетін салтанатты іс-шараға дайындық туралы.

**Тыңдалды:**
**1-мәселе бойынша:** Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің сақталуы туралы баяндады. Топ бөлмелерінің тазалығы, күнделікті ылғалды тазалау, желдету, ойыншықтарды өңдеу, дезинфекциялық шаралардың жүргізілуі қарастырылды. Қызметкерлерге санитарлық талаптарды қатаң сақтау және балалардың жеке бас гигиенасына көңіл бөлу қажеттігі ескертілді.
**2-мәселе бойынша:** Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина бір айдағы балалардың сырқаттанушылық жағдайына талдау жасады. ЖРВИ, тұмау және басқа да жұқпалы аурулардың алдын алу жолдары түсіндірілді. Сонымен қатар балалардың табиғи тамақтану нормаларының орындалуы, ас мәзірінің сәйкестігі, тағам сапасы мен құнарлылығы қарастырылды. Ауру белгілері байқалған балаларды уақытылы анықтау, ата-аналарға хабарлау және профилактикалық жұмыстарды күшейту қажеттігі айтылды.
**3-мәселе бойынша:** Әдіскер Карибаева А.С наурыз айында өткізілетін салтанатты іс-шараға дайындық барысы туралы баяндады. Мерекелік бағдарламаны әзірлеу, ертеңгіліктердің сценарийін дайындау, балалардың тақпақ, ән, би жаттауы және залды безендіру жұмыстары талқыланды. Іс-шараға жауапты педагогтер белгіленіп, дайындық жұмыстарын уақытылы аяқтау қажеттігі айтылды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**
1. Мектепке дейінгі ұйымдағы санитарлық-эпидемиологиялық режимнің сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.
2. Топ бөлмелерінде тазалық, желдету және дезинфекция жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
3. Бір айдағы сырқаттанушылық көрсеткіштері назарға алынсын, аурудың алдын алу шаралары күшейтілсін.

4. Балалардың табиғи тамақтану нормаларының орындалуы, ас мәзірінің сапасы мен тағам құнарлылығы бақылауда ұсталсын.
5. ЖРВИ, тұмау және жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізілсін.
6. Наурыз айында өтетін салтанатты іс-шараның дайындық жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
7. Мерекелік іс-шаралардың мазмұнды әрі жоғары деңгейде өтуі қамтамасыз етілсін.
8. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

**Меңгеруші:** _____Ж.М Сапарбаева
**Хатшы:** _____Ж.К Шортанова

**«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №7**

**Өткізілген күні:** 27 наурыз 2025ж
**Қатысқандар:** 10

**Күн тәртібі:**
1. Жарақаттанудың алдын алу жөніндегі комиссияның жұмысы туралы.
2. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жұмысын жоспарлауды талдау.
3. Қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастыру.
4. Тоқсан ішіндегі сырқаттанушылықты талдау.

**Тыңдалды:**
**1-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева жарақаттанудың алдын алу жөніндегі комиссияның атқарған жұмыстары туралы баяндады. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, топ бөлмелерінің, ойын алаңдарының қауіпсіздігі, спорттық құрал-жабдықтардың жарамдылығы тексерілгені айтылды. Жарақаттанудың алдын алу шараларын тұрақты жүргізу қажеттігі ескертілді.
**2-мәселе бойынша:** Әдіскер Карибаева А.С педагогтердің жұмыс жоспарларына талдау жасады. Перспективалық жоспарлар мен циклограммалардың жүргізілуі, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жоспарға сәйкестігі және балалардың жас ерекшеліктерінің ескерілуі қарастырылды. Жоспарларды уақытылы әрі сапалы толтыру қажеттігі айтылды.
**3-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева қызметкерлерді мерзімді медициналық тексеруден өткізу мәселесін қарастырды. Медициналық тексеруден өту мерзімдерін сақтау, қажетті құжаттарды рәсімдеу және қызметкерлердің денсаулық жағдайын бақылау қажеттігі түсіндірілді.
**4-мәселе бойынша:** Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина тоқсан ішіндегі балалардың сырқаттанушылық жағдайына талдау жасады. Аурушаңдық көрсеткіштері, жиі кездесетін ауру түрлері және олардың алдын алу жолдары қарастырылды. Балалардың денсаулығын нығайту, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау және сауықтыру шараларын жүргізу қажеттігі атап өтілді.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**
1. Жарақаттанудың алдын алу комиссиясының жұмысы жалғастырылып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілсін.
2. Топ бөлмелері мен ойын алаңдарындағы құрал-жабдықтардың қауіпсіздігі тұрақты тексерілсін.
3. Педагогтердің жұмыс жоспарлары белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіліп, анықталған кемшіліктер түзетілсін.

4. Қызметкерлердің мерзімді медициналық тексеруден уақытылы өтуі ұйымдастырылсын.
5. Медициналық тексеруге қатысты құжаттардың жүргізілуі бақылауға алынсын.
6. Тоқсан ішіндегі сырқаттанушылық көрсеткіштері назарға алынып, аурудың алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
7. Балалардың денсаулығын нығайту, тазалық сақтау және шынықтыру шаралары жалғастырылсын.
8. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

**Меңгеруші:** _____Ж.М Сапарбаева
**Хатшы:** _____Ж.К Шортанова

**«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №8**

**Өткізілген күні:** 30 сәуір 2025ж
**Қатысқандар:** 10

**Күн тәртібі:**
1. Табиғи тамақтану нормаларының орындалуын талдау.
2. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету туралы.
3. Қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ету туралы.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.

**Тыңдалды:**
**1-мәселе бойынша:** Медицина қызметкері Н.Н Шушлебина балалардың табиғи тамақтану нормаларының орындалуына талдау жасады. Ас мәзірінің бекітілген талаптарға сәйкестігі, тағамның құнарлылығы, азық-түліктің сапасы мен сақталуы қарастырылды. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дұрыс тамақтануын ұйымдастыру қажеттігі айтылды.
**2-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы туралы баяндады. Топ бөлмелерінің тазалығы, желдетілуі, ойыншықтарды өңдеу, дезинфекциялау және жеке бас гигиенасы талаптарының орындалуы талқыланды.
**3-мәселе бойынша:** Әдіскер Карибаева А.С балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру мәселесіне тоқталды. Дене шынықтыру сабақтарын, таңғы жаттығуларды, қимылды ойындарды және таза ауадағы серуендерді тиімді ұйымдастыру қажеттігі айтылды. Балалардың денсаулығын нығайтуда күнделікті қозғалыс белсенділігінің маңызы атап өтілді.
**4-мәселе бойынша:** Әдіскер Карибаева А.С жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық барысы туралы баяндады. Жазғы жұмыс жоспарын әзірлеу, ойын алаңдарын ретке келтіру, көлеңкелі орындарды дайындау, спорттық құралдарды тексеру және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**
1. Балалардың табиғи тамақтану нормаларының орындалуы тұрақты бақылауға алынсын. Ас мәзірінің сапасы мен тағамның құнарлылығы қадағалансын.
2. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы қамтамасыз етіліп, тазалық және дезинфекция жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
3. Балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында таңғы жаттығулар, қимылды ойындар және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылсын.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары дайындалып, бекітуге ұсынылсын.

5. Ойын алаңдары, спорттық құрал-жабдықтар және серуен орындары жазғы кезеңге дайындалсын.
6. Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік ережелерін сақтау жұмыстары күшейтілсін.
7. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

**Меңгеруші:** _____Ж.М Сапарбаева
**Хатшы:** _____Ж.К Шортанова

**«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**
**Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы №9**

**Өткізілген күні:** 29 мамыр 2025ж
**Қатысқандар:** 10

**Күн тәртібі:**
1. Жөндеу жұмыстарының жоспарын бекіту.
2. Жазғы кезеңде кадрларды орналастыру және топтарды жасақтау.
3. МДҰ-дағы қауіпсіздік ережелерін сақтау.
4. Жазғы сауықтыру кезеңінде білім беру процесіне қатысушылардың барлығының қауіпсіздігі бойынша жұмысты ұйымдастыру.

**Тыңдалды:**
**1-мәселе бойынша:** МеңгерушіЖ.М Сапарбаева мектепке дейінгі ұйымдағы жөндеу жұмыстарының жоспарын таныстырды. Ғимараттың ішкі бөлмелерін, топтарды, жатын бөлмелерді, ас блогын және аула аумағын ретке келтіру жұмыстары қарастырылды. Жөндеу жұмыстарының мерзімі мен жауапты қызметкерлері белгіленді.
**2-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева жазғы кезеңде қызметкерлерді орналастыру және топтарды жасақтау туралы баяндады. Педагогтердің жұмыс кестесі, еңбек демалыстары, топтардың толықтырылуы және қызметкерлердің міндеттері талқыланды. Жазғы кезеңде тәрбие-білім беру процесінің үздіксіз жүргізілуі қажеттігі айтылды.
**3-мәселе бойынша:** Әдіскер Карибаева А.С МДҰ-дағы қауіпсіздік ережелерінің сақталуы туралы түсіндірді. Балалардың ғимарат ішінде, аулада, ойын алаңдарында қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құрал-жабдықтардың жарамдылығын тексеру және жарақаттанудың алдын алу мәселелері қарастырылды.
**4-мәселе бойынша:** Меңгеруші Ж.М Сапарбаева жазғы сауықтыру кезеңінде балалар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру туралы баяндады. Күннің ыстық уақытында серуендеу тәртібі, күннен қорғану, су ішу режимі, өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысы және тұрмыстық қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігі айтылды.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**
1. Мектепке дейінгі ұйымдағы жөндеу жұмыстарының жоспары бекітілсін. Жұмыстар белгіленген мерзімде және сапалы орындалсын.
2. Жазғы кезеңге арналған кадрларды орналастыру және топтарды жасақтау жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Қызметкерлердің жұмыс кестесі мен міндеттері нақтыланып, жазғы кезеңдегі жұмыс тәртібі қамтамасыз етілсін.

4. МДҰ-дағы қауіпсіздік ережелерінің сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.
5. Ойын алаңдары, ғимарат ішіндегі бөлмелер мен құрал-жабдықтардың қауіпсіздігі тексерілсін.
6. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілсін.
7. Қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттер бойынша нұсқама берілсін.
8. Балалардың қауіпсіз демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыруда барлық қызметкерлердің жауапкершілігі күшейтілсін.
9. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

**Меңгеруші:** _____Ж.М Сапарбаева
**Хатшы:** _____Ж.К Шортанова